

**NEWS**

**OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN**

**SERIES OF AGRICULTURAL SCIENCES**

ISSN 2224-526X

Volume 5, Number 35 (2016), 34 – 37

**A. K. Beisenov, K. Amanzholov, S. M. Myrzagulov, G. M. Akhmetova**

Kazakh National Agrarian University, Almaty, Kazakhstan,  
Kazakh Research Institute of Livestock and fodder production.  
E-mail: [www.galy@bk.ru](mailto:www.galy@bk.ru)

**MEAT EFFICIENCY AND QUALITY OF MEAT  
OF AULIEKOL STEER BREED**

**Abstract.** The article contains materials of growing fattening steers of Auliekol breed beef meat efficiency and quality, depending on the age of steers and economic efficiency.

**Keywords:** Auliekol, castrates bulls, growth, development, economic efficiency, meat productivity.

**А. К. Бейсенов, К. Аманжолов, С. М. Мырзағұлов, Г. М. Ахметова**

Казахский национальный аграрный университет, Алматы, Казахстан,  
Казахский научно-исследовательский институт животноводства и кормопроизводства

**ӘУЛИЕКӨЛ ТҰҚЫМЫ ӨГІЗШЕЛЕРІНІҢ  
ЕТ ӨНІМДІЛІГІ МЕН САПАСЫ**

**Аннотация.** Мақалада асылтұқымды етті ірі қара шаруашылығындағы малды бордақылау алаңында әулиекөл өгізшелерінің жастарына байланысты жүргізілген ғылыми зерттеу жұмыстарының ет өнімділігіне байланысты көрсеткіштері, әрі өгізшелерді етке өсірудің экономикалық тиімділігі және етінің сапасы зерттелгендігі баяндалады.

**Түйін сөздер:** әулиекөл, өгізшелер, өсу, даму, экономикалық тиімділігі, ет өнімділігі.

Соңғы жылдары етті ірі қара малынан алынатын сиыр етінің сапасына аса қатты көңіл аударылуда. Бұл түсінікті де, себебі сиыр етінің әлеуетін арттыру арнайы мемлекеттік бағдарлама ретінде бекітілген. Сондықтан біраз зерттеулер еттің және оны өңдеудің негізгі мәселелеріне арналған [1-3].

Мал шаруашылығын және өңдеу өнеркәсіп саласын дамытудың концепсиясына сәйкес ірі қара төлдерін қарқынды өсіру және бордақылау кең өріс алуға тиіс. Міне осыған байланысты «Рамазан-Қарасу» асылтұқымды шаруашылығында әулиекөл тұқымы өгізшелерінің әртүрлі жағдайда өсу, жайылымда жайып семірту және бордақылау кезіндегі өсу, даму ерекшеліктерін және ет өнімділігін зерттедік. 8 айлығында тәжірибе жүргізу мақсатында құрылған екі топ еркек төлдердің орташа салмағы 216,4 және 218,6 кг болды. Қорада ұстап, серуендейтін орны бар қоршаулы алаңда баққанда екі топтың өгізшелері бір рационмен азықтандырылды. Олар орта есеппен 3,0 кг шөп, 6,0 кг пішендеме, 2 кг жем (майдаланған арпа) жеді. Бұл кезде олардан алынған салмақ өсімі де бірдей болды. 13 айлығында өгізшелердің орташа тірілей салмағы 339,6 және 341,5 кг жетті, ал орташа тәуліктік қосымша салмағы, тиісінше 813 және 808 г болды. Айта кету керек, анасынан айырған алғашқы айда, өсіру жағдайының түбегейлі өзгеруіне қолда ұсталуына, қысқы азықпен азықтандырылуға және осы ортаға бейімделуіне байланысты, өгізшелердің салмақ өсімі төмен болды (236 және 220 г).

1-кесте – Өгізшелерді етке өсірудің экономикалық тиімділігі

Көрсеткіш	Топ, жасы			
	I		II	
	15 ай	18 ай	15 ай	18 ай
Тірілей салмағы, кг	390,2	467,2	326,4	367,5
8 айдан кейінгі қосқан салмағы, кг	177,7	254,7	114,6	155,7
Анасынан ажыратқан кездегі бұзаудың бағасы	24568	24568	24568	24568
Анасынан ажыратқаннан кейінгі өсіру бағасы	14929	22734	10202	12866
Барлық шығын, теңге	39497	47302	34776	34737
Сатқаннан түскен ақша, теңге	74528	89235	62342	70193
Таза пайда, теңге	35031	41933	27566	32759
1 ц салмақ өсімінің өзіндік құны, теңге	8401	8926	8908	8263
Тиімділігі, %	88,69	88,65	79,26	87,51

Одан ары II топтағы өгізшелер жайылымда жайып семіртуге ауыстырылды және жайылым отына қосыма бір басқа 2,5 кг жем берілді. I топтағы өгізшелер бордақылау алаңында өсіруге және бордақылауға қалдырылды. II топтағы өгізшелер тәулігіне 4 кг шөп, 10 кг пішендеме және 4,0 кг жем алды. Осы кезде олардың салмақ өсімінде айтарлықтай өзгерістер болды (2-кесте).

2-кесте – Өгізшелердің өсу динамикасы

Көрсеткіш	I - топ			II - топ		
	M±m	δ	Cv	M±m	δ	Cv
Жас кезеңі, ай:						
8	216,4±3,2	14,2	6,6	218±2,2	9,8	4,5
9	223,5±3,1	13,8	6,2	225±2,3	10,1	4,5
12	310,5±3,2	14,1	4,5	311,7±2,8	12,3	3,9
15	404,2±3,8	17,2	4,3	399,9±2,6	11,8	3,0
18	511,7±3,5	15,7	3,1	483,4±3,0	13,5	2,8

Өсу кезеңіндегі тәуліктік қосымша салмақ, г:

0-8	784±11,9	53,2	6,8	793±10,8	48,3	6,1
8-9	236±11,7	52,3	22,2	220±11,1	49,8	22,6
9-12	956±14,2	63,4	6,6	949±12,6	56,5	6,0
12-15	1029±14,6	65,1	6,3	969±11,4	50,8	5,2
15-18	1181±10,6	47,3	4,0	918±10,0	47,7	5,2
8-18	968±9,5	42,4	4,4	868±9,3	41,4	4,8

Өгізшелерді бордақылау алаңында бағын семірту, олардың өнімділігіне оның ішінде, 12 айдан 15 айлығына дейінгі өсу кезеңінде жайылымда жайып семірілген қатарластарынан, олардың тәуліктік қосымша салмағы 60 г артық болды. Бұл айырмашылық I топтағы өгізшелерде қарқынды бордақылау кезеңінде 15 аймен 18 ай аралығында тәулігіне 9,8 азық өлшемін алған кезде арта түсті. Бұл кезде бордақылауда тұрған өгізшелердің тәуліктік қосымша салмағы жайылымда семірілген қатарластарынан 263 г ( $P<0,001$ ), ал тірілей салмағы бойынша тәжірибенің аяғында 28,3 кг артық болды ( $P<0,001$ ).

Малдың ет өнімділігіне толық баға беру үшін, оның тірілей салмағы мен орташа тәуліктік салмағын анықтау жеткіліксіз. Аса сапалы сиыр еті дегеніміз ұшасының шығымы барынша жоғары және таза етіндегі дәмді заттардың қатынасы оптималды деңгейде болуы керек. Сондықтан да ірі қараның жас төлдерін ет алу үшін өсіргенде біріншіден сойыс салмағының барынша мол, жайып семірту мен бордақылау мерзімінің мейлінше қысқа болғаны дұрыс.

Тәжірибедегі 18 айлық өгізшелердің ет өнімділігін және етінің сапасын анықтау мақсатында «Рамазан-Қарасу» асылтұқымды шаруашылықтың мал сою цехында әр топтан үш өгізшеден бақылау үшін сойылды. Әртүрлі технологиялық жағдайда өсіріліп етке дайындалған өгізшелердің сойыс көрсеткіштерінде үлкен айырмашылықтардың бар екендігі анықталды (3-кесте).

3-кесте – Тәжірибедегі 18 айлық өгізшелердің сойыс шығымы

Көрсеткіш	Топ	
	I	II
Тірілей салмағы, кг: бордақылаудың аяғындағы сояр алдындағы	512,0 490,0	484,0 463,0
Ұшаның салмағы, кг сояр алдындағы салмаққа шаққанда, %	283,9 57,9	261,4 56,5
Іш майдың салмағы, кг	17,1	14,2
Іш майдың шығымы, %	3,5	3,1
Сойыс салмағы, кг	301,0	275,6
Сойыс шығымы, %	61,4	59,6

Келтірілген мәліметтерден көрініп тұрғандай, сойыс көрсеткіштері бойынша қарқынды өсірілген өгізшелер басымдылық танытты. 6 ай жайылымда семірітілген қатарластарынан ұшасының салмағы 11,03 кг (4,04%), іш майының салмағы 2,94 кг (7,14%) және сойыс шығымы – 1,49% артық болды. Әрі бұлардың жарты ұшасының морфологиялық құрамы да қажетті мөлшерде болды.

Өгізшелердің сойыс көрсеткіштерін талдау нәтижесі малды етке қарқынды дайындаудың арқасында ұшаның сапасын жақсартуға болатындығын көрсетті. Ұшаның жеуге жарамды бөлігі 110,5 кг (II мал тобында), 117,6 кг (I мал тобында) жетті, ал сүйектің мөлшері 16,94%-дан 15,90%-ға, сiңiр 2,41-ден 0,89% азайды. Сұрып еттің 1 кг сүйекке шаққандағы шығымы малдың екі тобында да жоғары (4,80-5,22), ал 12-13 қабырға аралығындағы арқаның ұзын сала «етінің көздігінің» аумағы 82,42 см<sup>2</sup> (II топта), I топта – 87,86 см<sup>2</sup> құрайды.

Тәжірибедегі өгізшелердің етінің химиялық құрамын анықтау нәтижесі малдың әртүрлі технологияда өсірілгеніне қарамастан бірдей деңгейде болды (18,31-18,38%). Еттегі майдың мөлшері малдың салмағының өсуіне байланысты 16,18%-дан 17,60% -ға өсті.

Өгізшелерді ет алу үшін өсірудің экономикалық тиімділігі қарқынды өсірілген малда шығынның артықтау болатындығын көрсетті. Өсіруге және бордақылауға жұмсалған шығын қарқынды өсірілген мал тобында 3390 теңгеге артық болды.

Қарқынды өсірілген өгізшелерге бұл артық жұмсалған шығын аса сапалы 22 кг ет алу нәтижесінде толық ақталды және 5100 теңге таза пайда алуға, ет өндірудің экономикалық тиімділігін 2,7% арттыруға мүмкіндік берді.

#### ӘДЕБИЕТ

- [1] Аманжолов К.Ж., Ержигитов Е.С., Майлибаев М.Х., Ахметова Г.М. Технология производства и первичной переработки говядины: Учеб. пособ. – Алматы, 2013. – 148 с.
- [2] Сейтмуратов А., Аманжолов К.Ж., Жузенев Ш. – Мясная продуктивность кастратов казахской белоголовой породы // Ж. Вестник с.-х. науки Казахстана. – Алматы, 2009. – № 7. – С. 50-52.
- [3] Аманжолов К.Ж., Өмірзақов Б.Ө. – Оңтүстік-шығыс аймақтағы қазақтың ақбас сиыры тұқымы бұқашықтарының ет өнімділігінің көрсеткіштері // Жаршы ғылыми-теориялық және практикалық журнал. – Алматы, 2006. – № 10. – 33-35 б.

#### REFERENCES

- [1] Amanzholov K.J, Erzhigitov E.S, M.H Maylibaev, Akhmetova G.M. Technology of production and primary processing of beef: Proc. Collec. Almaty, 2013. 148 p.
- [2] Seytmuratov A. Amanzholov K.J, Zhuzenov Sh - Meat productivity Neuter Kazakh white breed. J. Journal of Agricultural Kazakhstan science. Almaty, 2009, N 7. P. 50-52.
- [3] Amanzholov K.J, Umurzakov, B.U South-eastern region of the Kazakh white breed cows Bull Calves meat productivity indicators. Newsletter theoretical and practical jurnal, 2006, 10. P. 33-35.

**А. К. Бейсенов, К. Аманжолов, С. М. Мырзагулов, Г. М. Ахметова**

Казахский национальный аграрный университет, Алматы, Казахстан,  
Казахский научно-исследовательский институт животноводства и кормопроизводства

### **ПРОДУКТИВНОСТЬ И КАЧЕСТВО БЫЧКОВ ПОРОДЫ АУЛИЕКОЛЬ**

**Аннотация.** Описаны показатели и результаты научно-исследовательских работ на откормочных площадках ценных пород крупного рогатого скота мясных пород, ауликольских пород бычков. Приводятся примеры экономической эффективности и исследования качества мяса.

**Ключевые слова:** ауликоль, особенности, рост, развитие, бычки, развитие, рост, экономическая эффективность, мясная продуктивность.

#### **Сведения об авторах:**

Бейсенов А.К. – докторант (phD),

Аманжолов К. – научный руководитель, доктор с.-х. наук, профессор,

Мырзагулов С.М. – кандидат с.-х. наук, доцент,

Ахметова Г.М. – магистр с.-х. наук